

AINA

САЛА ҮЗДІКТЕРІ
МАРАПАТТАЛДЫ

2-бет

QOƒAM

БОСАҢСУҒА
БОЛМАЙДЫ

3-бет

KELBET

ҚАДІРЛІ КІСІ
ҚАРТАЙМАЙДЫ

4-бет

RESMI

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ
САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ
ҚҰРАМЫ

5-бет

COVID-19

Дүйсенбі күні ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен ҚР аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі Ведомстволарлық комиссияның (ВАК) селекторлық отырысы өтті.

МОНИТОРИНГ КҮШЕЙЕДІ



Коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындықты қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы денсаулық сақтау министрі А. Цой, ішкі істер министрі Е. Тұрғымбаев, ақпарат және қоғамдық даму министрі А. Балаева, индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қ. Өскенбаев, сондай-ақ Павлодар облысының әкімі Ә. Скаков, Қарағанды облысының әкімі Ж. Қасымбек баяндады.

Үкімет басшысы шектеу шараларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі мониторингтік топтардың жұмыс тиімділігінің төмендігін, азаматтардың карантин режимін және бизнес субъектілерінің санитарлық талаптарды сақтауды қамтамасыз ету, байланыста болған адамдар мен науқастарды қадағалау жөніндегі жұмыстың нашарлығын атап өтті.

Премьер-Министр Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын әуе компанияларына ПТР-тестінің нәтижесі туралы анықтамасы жоқ жолаушы-

ларды ұшаққа отырғызуға тыйым салғызуды тапсырды. Рентген аппараттарын, жылжымалы медициналық кешендерді жеткізуді жеделдету тапсырылды.

Денсаулық сақтау министрлігіне өткізу пункттерінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына қатаң бақылауды қамтамасыз ету, бір апта мерзім ішінде жеке қорғаныш құралдарының бағасын төмендету жөнінде шаралар қабылдау. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, байланыста болған адамдарды, ауырғандарды қадағалау, субъектілердің санитарлық талаптарды сақтауына мониторинг жүргізу бойынша бағдарламаларды енгізу жөнінде қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

Өңірлердің әкімдеріне ұйымдастырылған ұжымдардың басшылығымен карантин режимін сақтау жөнінде арнайы кеңес өткізу, мектептер мен медицина ұйымдарында санитарлық режимді сақтау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын жеке бақылауға алу тапсырылды.

Үкімет басшысы өңірлер әкімдіктеріне апта соңына дейін «Атамекен» ҰҚП-мен бірлесіп, санитарлық талаптардың сақталуы бойынша сауда-ойын сауық орталықтарының жұмысына мониторинг жүргізуді тапсырды. Бұл ретте белгіленген талаптарды бұзушыларға қатысты олардың жұмысын тоқтата тұруға дейінгі қатаң шаралар қолданылатын болады.

Отырыста жергілікті атқарушы органдар өз жұмысында ҚР Бас санитарлық дәрігерінің қаулыларын басшылыққа алатыны атап өтілді. Бұл ретте, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты өңірлердің бас санитарлық дәрігерлері қосымша шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдай алады.

ВАК бірқатар шешім қабылдады:

I. Мектептегі оқыту бойынша

– екінші тоқсаннан бастап оқушылар саны 300 балаға дейін болатын қала және ауыл мектептерінің жұмысы дәстүрлі форматқа көшірілсін;

– ата-аналардың өтініші бойынша 1-сыныптан 5-сыныпқа дейін, халықаралық мектептерде 7-сыныпқа дейін кезекші сыныптарда оқуға рұқсат етілсін.

Бұл жағдайда санитарлық-дезинфекциялық режимді, маска режимін, шахмат ретімен отырғызу және әлеуметтік ара қашықтықты сақтау міндетті.

II. Театрлар мен мешіттердің жұмысы бойынша

2 қарашадан бастап:

– 30%-ға дейін толығымен, бірақ залда 100 адамнан асырмай, театрлардың жұмыс істеуіне (әлеуметтік ара қашықтықты, маска режимін, термометрияны, қатаң санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтаумен);

– жұма намазын қоспағанда, мешіттерде 100 адамнан асырмай ұжымдық намаз (бес намаз) өткізуге, (2 м әлеуметтік ара қашықтықты, маска режимін, термометрияны, қатаң санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтаумен) рұқсат етілсін.

«Saryarqa-ақпарат»

Тамыздың соңына таман қаламызда 200 орындық жаңа үлгідегі инфекциялық орталық құрылысы басталаны белгілі. Екі ай ішінде В1 Group компаниясының мамандары құрылысты аяқтап, қазір аурухананы дәрігерлер қабылдап алып жатыр.

ЖАҢА АУРУХАНА – ЖҰРТ ИГІЛІГІНЕ



Барлығы 200 науқасқа шақталған ауруханада 20 орыннан тұратын жансақтау бөлімі бар. Сонымен бірге, 40 орын есікабат әйелдерге, 40 орын балаларға деп жоспарланады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынысына байланысты коронавирустың екінші толқыны біріншісіне қарағанда ауыр өтеді деп күтілуде. Сондықтан, дайындық шаралары да барынша күшейтіліп жатыр.

Мемлекет басшылығы, облыс әкімінің қолдауымен осы аурухана тұрғызылды. Бүгінде Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Тараз қалаларынан дәрігер мамандар келіп, аурухананың жұмыс істейтіндігі ретінде келген қарағандылық білікті маман облыстық балалар ауруханасы директорының орынбасары Қарлығаш Шариязиданова.

Оның айтуынша, қазір орталық ғимаратының құрылыс жұмысы толық аяқталған,

емдеу процесіне дайындық жүріп жатыр, жаңа құрал-жабдықтар әкелінуде.

Мамандар аурухана ғимаратының аумағын бөліп жатыр. Аурухана аумағының 98 пайызы «қызыл» аймақ, яғни инфекциялық блок болады. Аурухананың бөлек аумаққа орналасуы да содан. Сонымен бірге, аурухана ішіндегі ауа да сыртқа шықпайды, арнайы сүзгілер арқылы кері айналып келеді. Бұл да батыс аймақта орналасқан үйлердің тұрғындарының алаңдамауына негіз болады.

Өткен жаздағы жағдайды еске алсақ, күніне 80 адамнан ауруханаға түскен күндер болды. Біз қазір сол барынша күрделенген жағдайға дайын болуымыз керек. Қазір жаңа орталықта орталықтандырылған оттегі жүйесі, әр палатада ауа алмастыру жүйесі бар, сондай-ақ, орталық көпфункционалды төсектермен, өкпе желдеткіш аппараттармен, КТ, цифрлы рентген аппараттарымен, басқа да қажетті құралдармен жабдықталған. Қосымша 350 ауа концентраторы бар. Бір палатада 1-3 науқасқа ғана орналастырылады. Әр палатаның өзінің дәретхана, жуыну орны бөлек. Әр науқастың денсаулық жағдайын палатаның алдындағы экраннан бақылап отыру мүмкіндігі бар, – дейді Қарлығаш Сәдуақасқызы.

▶▶ 3-бетте

ЖОШЫ – ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ АТЛАРЫ

Өткен жылдың тамыз айында Жезқазған өңірінде ұйымдастырылған «Ұлытау-2019» халықаралық туризм форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шыңғыс ханның ұлкен ұлы, Алтын Орданың негізін қалаған Жошы хан есімін ұлықтау мәселесіне ерекше тоқталып: «Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет», деген еді. Демек, ұлт тарихында орны зор тұлға, қазақ этносының мемлекеттік негізінің қалануына сүрлеу салған Жошы хан туралы деректер өткен тарихымыздың өзегі іспеттес.

Осы орайда, Орта ғасыр дәуіріне қатысты оқиғалардың білгір маманы, жоғарыда Мемлекет басшысы атап өткендей, бүгінгі Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының ежелгі шарт-талаптарын негіздеуші ұлы тұлға Жошы хан жайлы толымды зерттеу жүргізген тарих ғылымдарының докторы марқұм Зардыхан Қинаятұлының еңбектері өте құнды. Басқасын былай қойғанда, 2001 жылы жарық көрген «Монғол үстіртінің мекен еткен соңғы түркі тайпалары» атты монографиясы, 1999 жылы жазылған «Был и правда вокруг родословной Джучи-хана» зерттеу еңбегі, бұлардың сыртында 2004 жылы алғаш баспа бетін көрген «Қазақ мемлекеті және Жошы хан» атты тың тұжырымдамалық бағытта жазылған туындысы аталған тақырыпты терең қаузаған еңбектер екені анық. Оның сыртында, алдағы айда зерттеуші-ғалымның 80 жылдығы есік қағып тұр. Жоғарыдағы оқиғаларды ескере отырып, біз журналистикада бұрыннан бар ретроспективалық сұхбат жанрын жаңғырту мақсатында

З.Қинаятұлының еңбектерін пайдаланып, виртуалды әңгіме өрбіттік.

Қаузап отырған тақырыптың әуелгі қайнарына қанық болу үшін біз «Жошы хан қашан туды?» деген сұраққа жауап іздеген дұрыс деп таптық. Бұл мәселеге назар аударып зерттеген адамның бірі – марқұм Зардыхан Қинаятұлы. Ғалым ағамыз аталған сұраққа жауап табудың төте жолы – Жошының әкесі Темужин мен анасы қонырат қызы Бөрте екеуі қай жылы үйленді, соны нақтылау қажет дейді. Бұл туралы «Монғолдың құпия шежіресінде», «Алтын тобында» және осы дәуірге қатысты тарихи оқиғаларды хатқа түсіруші Рашид-ад-дин, А.Жувеини, Н.Березин, Д.Оссон еңбектерінде дерек жоқ. Бірақ орыс оқымыстысы Лев Гумилев Жамауқа мен Темужин достығы және Бектірдің өлтірілуі сияқты оқиғаларға жылнамалық сипат бере келе, Темужин мен Бөрте 1178-1179 жылдары отау құрды деген пайым айтады. Ал нақты дерек 1662 жылы жазылған Саған Сээннің «Эрдэнийн товч» («Erdeniin

Tobchi») атты тарихи еңбекте: «Темужин ит жылы (1178) 17 жасында Бөртеге үйленді» деп жазылған. Демек Жошы табиғаттың заңы бойынша бір жылдан кейін 1179 жылы туған болады.

Ал нәрсестеге «Жошы» деген есім берілуінің себебі, бала кошпелі тайпалардың тартысқа толы аумалы-төкпелі жорық кезінде туғандықтан, әкесі Темужин осы аты лайық көрген дейді зерттеушілер. Адамға «Жошы» деп ат қою көшпелілерде бұрын да болған. Мысалы, Темужиннің атасы Қотыл (Хотол) ноянның үш ұлының бірінің аты Жошы болса, осы дәуірде өмір сүрген жалайыр тайпасының Жошы Дармала атты батыры және керей Тұғырлы ханның бас кеңесшісі Қойылдыр Жошы дегендер болған.

Жошыдан кейін де Бөрте бәйбіше үш ұл тапты. 1183 қоян жылы Шағатай туса, 1186 жылқы жылы Өгедей, 1193 жылы Төле дүниеге келді. Кейін Шыңғыс осы бәйбішеден туған төрт ұлына Еуразия құрлығын төрт бөліп ұстата салды.

▶▶ 4-бетте

ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақилы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

- ақилы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;
- газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт матери-

алының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;

- партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;

Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: 1-бет үшін – 250 теңге; түрлі-түсті беттер үшін – 200 теңге; ақ-кара түсті беттер үшін – 100 теңге.

«САРЫАРҚА ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС



Құрметті кәсіпкерлер!

Жезқазған қаласында кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу фактілерінің жолын кесу бойынша мобилді топ келесі құрамда жұмыс істейді:

Топ жетекшісі – Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры М.М. Ақшалов (8-701-777-06-21);

Топ мүшелері: Жезқазған қаласы прокуратурасының прокурорлары А.С. Камашев (8-707-280-53-38), О.Н. Алкен (8-776-500-00-04), Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы Жезқазған қаласы филиалының басшысы Ж.Д. Лекеров (8-776-248-63-98).

Мобилдік топ мемлекеттік органдардың тексеруші қызметкерлерінің заңсыз тексерулері немесе әрекеттері туралы қала кәсіпкерлерінің арыздарына, хабарламаларына дереу әрекет жасауды қамтамасыз етеді.

Осындай фактілер болған жағдайда жоғарыда көрсетілген телефон нөмірлері бойынша хабарлауларыңызды сұраймыз.

Жезқазған қаласының прокуратурасы

SARYARQA

«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетке бір жылға жазылу бағасы

- Жеке тұлғалар үшін
- Мекен жайға жеткізіп беру – 4 200 теңге;
- Редакциядан келіп алу – 3 200 теңге;
- Заңды тұлғалар үшін
- Мекен жайға жеткізіп беру – 7 500 теңге;
- Редакциядан келіп алу – 6 500 теңге.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»
БСН/БИН 050340007333
ЖСН/ИИК KZ09856000005225027
АО «Банк ЦентрКредит»

+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25



SARYARQA-АҚПАРАТ

ЕНДІ ЭКОҰРЫҚТАНДЫРУ
МӘМС ЕСЕБІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Қазақстанда экоұрықтандыру процедурасын міндетті медициналық сақтандыру аясында тегін жасауға болады.

Қазақстанда экстракорпоральды ұрықтандыру процедурасының қолжетімділігі артты. Бұған дейін кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде ғана жасалатын жоғары технологиялық қызметтің бұл түрі биылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне енді. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалы хабарлады.

Жасанды ұрықтандыру – ұрпақ өрбітудің әлемде кең таралған әрі ең заманауи тәсілдерінің бірі. Дүниежүзінде 40 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан бұл әдіс Қазақстанда 1996 жылдан бастап қолданысқа енгізілген болатын.

Бүгінгі күні елімізде экстракорпоральды ұрықтандыру тәсілімен 22 мың бала дүниеге келді. Алды бүгінде ата-ана атанып та үлгерді. Ал, беделсізке байланысты тіркеуде тұрған әйелдер саны 9 мыңнан асады.

Филиал директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламасы 2010 жылдан бастап кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетіне енгізіліпті. Ал, жыл басынан бері енгізілген МӘМС пакеті көпшіліктің қалтасы көтере бермейтін бұл қызметтің қолжетімділігін арттырып отыр.

– 2020 жылы Алматы қаласы бойынша ЭКО процедураларына 527,3 млн теңге бөлінген. Оған 615 ұрықтандыру бағдарламасы жасалуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін 259 әйел аталған бағдарламаға қатысып үлгерді, – дейді филиал басшысы.

Биыл онтүстік астана бойынша аталған бағдарламаға 5 медицина ұйымы қатысып жатыр. Олардың бәрі де Медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт бекіткен.

– Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі – әлемде белең алып жатқан беделсіз проблемасына қарсы күрестің ең тиімді тәсілдерінің бірі. Ол әйелдер мен ерлерде кездесетін беделсіздіктің кез-келген түрін жеңіп шығуға мүмкіндік береді. Заманауи репродуктивтік технологиялар бала сүйен күдер үзген адамдарға үміт сыйлайтын кездері аз емес, – дейді дәрігер акушер-гинеколог, репродуктолог Анастасия Рыбина.

Оның айтуынша, осындай жандардың бірі квота кезегін 2 жыл күткен. Оған дейін бірнеше рет жасалған ұрықтандыру бағдарламасынан нәтиже шықпапты. Осы бағдарлама арқасында бойына бала біткен келіншек бүгінде ана болуға дайындалып жатыр.

Естеріңізге сала кетсек, квота бойынша ЭКО бағдарламасына қатысу үшін тіркелген емхана арқылы арнайы есепке түру қажет. Тиісті көрсеткімдер болған жағдайда дәрігерлер квотаға кезекке қояды.

Қазақстанда экстракорпоральды ұрықтандыру процедурасының қолжетімділігі артты. Бұған дейін кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде ғана жасалатын жоғары технологиялық қызметтің бұл түрі биылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне енді. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалы хабарлады. Биыл Алматы қаласы бойынша ЭКО процедураларына 527,3 млн теңге бөлінген. Оған 615 ұрықтандыру бағдарламасы жасалуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін 259 әйел аталған бағдарламаға қатысып үлгерді.

АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР 13 ҚАЛАҒА
АУЫЛ МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛЕДІ

Қазақстанда 48 аудандық маңызы бар қаланың 13-не ауыл мәртебесі берілуі мүмкін.

– Заң жобасы Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Елдің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің санаттары, жекелеген елді-мекендердің атап айтқанда, аудандық маңызы бар қалалардың қазіргі мәртебесін толық көлемде көрсетпейді. Бүгінгі таңда 48 аудандық маңызы бар қаланың 13-і халық саны бойынша қала мәртебесіне сәйкес келмейді, себебі қолданыстағы әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңға сәйкес аудандық маңызы бар қалаларға халқының саны 10 мың адамнан кем емес елді-мекендер жатады, – деді Мәжіліс депутаты Әлия Сапарова Парламент Мәжілісінде «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өңірлердің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын оқи отырып.

Депутаттың айтуынша, аудандық маңызы бар қалалардағы тұрғындар санының азаюына байланысты олардың мәртебесін өзгерту қажеттігі туындайды.

– Бұл ретте заңнамада аудандық мәртебесі қаланың мәртебесін ауылға өзгерту жөніндегі құқықтық тетік көзделмеген. Осыған байланысты депутаттар осы заңға аудандық маңызы бар қалаларды өзге елді-мекендерге қайта құру жөніндегі құзыретті айқындауға бағытталған түзетулерді енгізді. Қала мәртебесінің ауылға өзгеруі – жергілікті тұрғындарға ауылды елді-мекендердің тұрғындары үшін қарастырылған мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын алуға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн, – деді ол.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
SIM КАРТА ЕНГІЗІЛМЕК

Елімізде балаларға арналған бірыңғай тарифі бар SIM карта енгізілмек. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған.

– Қазіргі уақытта кибербуллингке қарсы іс-шаралар 2020-2023 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицид мәселесін шешу жөніндегі жол картасын іске асыру аясында жүзеге асырылуда. Білім және ғылым, Ақпарат және қоғамдық даму, Ішкі істер министрліктері, жергілікті атқарушы органдар жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділіктің профилактикасы, азаматтардың цифрлық беделін қорғау, әлеуметтік желі мен интернеттегі мониторинг және тосқауыл қою, сондай-ақ, қолайсыз интернет контентке қол жеткізуден балаларды қорғау бойынша балаларға арналған бірыңғай тарифі бар SIM карта енгізу бойынша кешенді шараларды қабылдауда, – деді Асқар Мамин.

Қарағанды облысы «Бизнестің жол картасы» бойынша жобаларды қолдайтын қоймашылар үштігіне кірді.

ҚАРАҒАНДЫ
ОБЛЫСЫ –
ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Қарағанды облысы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасының құралдарын қолдану бойынша республикада екінші орын алды. Өңір жобаларды субсидиялау және қол қойылған кепілдік шарттарының сомасы бойынша алдыңғы қатарда тұр.

Тоғыз айда облыста жалпы инвестиция сомасы 41,3 млрд теңгені құрайтын 2 620 жоба мақұлданды. Оның ішінде 13,9 млрд теңгеге 147 жоба несиені бойынша сыйақыны субсидиялау түрінде қаржылық қолдау алды. 109 жоба бойынша 3,2 млрд теңгеге несиелер ішінара кепілдендірілген. Инфрақұрылымды дамытуға 24,1 млрд теңгенің 6 жобасы мақұлданды.

Бағдарламаны іске асыру әлеуметтік әсер береді. Жаңа өндірістер қарағандылықтар үшін жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қолдау жаңа жобаларды іске асыруда ғана емес, қолданыстағы бизнесті кеңейту үшін де қажет. Оған мысал – «КазЭнергоМаш» корпорациясы» ЖШС. Компания 10 жылға жуық табысты жұмыс істеп келеді, оның тұтынушылары энергетикалық сектор кәсіпорындары болып табылады. Корпорация Қазақстан бойынша жабдықтар жеткізеді және шетелге экспорттайды.

Биыл компания айналым капиталын толықтыру үшін несиені алды. Мемлекеттік қолдау есебінен қарыз бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі 6%-ды құрады. «Бизнестің жол картасы» бойынша несиені жалпы мөлшерлемесінің 14,5%-дан 8,5%-ы субсидияланады. Сонымен қатар, корпорация кепілінің жартысына дейін кепілдік берілді.

Қарағанды облысының 2,2 мыңнан астам тұрғыны Qoldau-24/7 медициналық сақтандыру қорының мобильді қосымшасын орнатты. Бағдарлама арқылы қарағандылықтар уақытша мәртебе беруге өтінімдер мен медициналық қызмет сапасына қатысты пікірлер жібереді.

ОБЛЫСТА ЕКІ МЫҢНАН
АСТАМ АДАМ

QOLDAU-24/7 мобильді қосымшасын орнатты

Естеріңізге сала кетейік, Qoldau-24/7 мобильді қосымшасы 2020 жылдың ақпан айында іске қосылды. Платформа халықтың медициналық сақтандыру қорымен байланысының тағы бір арнасы болды. Қорға өтініш жасау үшін, жүктеп алып, тіркегеннен кейін «бізге жазыңыз»-ды басу, өңірді, медициналық ұйымды және жүгіну себебін көрсету қажет (консультация, шағым немесе уақытша мәртебе беру).

– Уақытша мәртебе алуға өтінімді жеңілдік санатына жататын, бірақ қандай да бір себептермен сақтандырылмаған азаматтар жібері алады. Сонымен қатар, қолданыстағы жеңілдік санатын растайтын құжатты бекіту қажет, – деп толықтырды медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалы бөлімінің сарапшысы Жанар Рақышева.

Qoldau-24/7 қосымшасында медициналық ұйымға шағым немесе алғыс қалдыруға, медициналық сақтандыру жүйесіндегі құқықтардың бұзылғаны туралы хабарлауға, мәртебесі, жарналарды төлеу тәсілдері және МӘМС жүйесі туралы басқа да мәселелер бойынша кеңес алуға болады.

Qoldau-24/7 қосымшасын медициналық сақтандыру қорының <https://fms.kz> сайтынан жүктеп алуға болады. тікелей жүктеу сілтемесі:

Android үшін – <https://files.fms.kz/s/dEWZ8u7rFZccKh>;

iPhone үшін – <https://apps.apple.com/kz/app/qoldau-24-7/id1494498169>.

САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Қазан айының соңғы жексенбісі – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні. Әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға – қарттар мен мүгедектерге, көп балалы және күнкорісі төмен отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға күн-түн демей айрықша қолдау білдіріп, олардың жақсы жағдайда өмір сүруіне мүмкіндік тудыратын әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі қашанда мақтауға тұрарлық. Асқан жауапкершілік пен берік төзімді талап ететін кәсіп иелері 2011 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан мерекені биыл да ерекше көңіл-күймен қарсы алды.

Кәсіби мереке қарсаңында жезқазғандық сала мамандары да елеусіз қалмады. Бір топ әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері арнайы сый-сыралықтармен марапатталды. Атап айтар болсақ, Мемлекеттік банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының Құрмет грамотасы Венера Сыздықова мен Бақыткүл Әділхановаға және Гүлсара Нақыпбекова мен Жанат Жылтырқозыбаева табыс етті.

Ал Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Алғыс хатымен осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан Сәуле Тұтқышова марапатталды.



Сонымен қатар, Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы Жанат Досетоваға, Батима Рахымбековаға, Жұлдыз Рахымбековаға және Әсемқұл Садуақасова мен Дана Шорнаеваға табысталды.

Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлі Әлкебаеваның Алғыс хатын Аліхан Әбдіқапаров, Ақмаржан Ақбергенова және Айым Өмірбекова иеленді.

Өз тілшіміз



Техникалық іркілістер жеке компания болсын, мемлекеттік органдар болсын немесе екінші деңгейдегі банк болсын әр ұйымда болатын жағдай.

Мұндайда сабырлық сақтап, бірнеше қарапайым қағидаттарды басшылыққа алғаныңыз жөн.

1. Сіздің «қаржылық қауіпсіздік жастықшаңыз» болуға тиіс

Өмірде шұғыл ақша қажет болып қалатын түрлі көзделмеген жағдайлар болып тұрады. Егер шұғыл түрде ақша алу керек болған кезде өзіңізге қызмет көрсететін банктегі техникалық іркіліс сізді ренжітуі мүмкін. Сондықтан да банктің жұмысындағы іркілістердің салдарынан болатын қаржылық қиындықтардан өзіңізді ішінара сақтау үшін «қаржылық қауіпсіздік жастықшаңыз» болуына көңіл аударған маңызды.

Түрлі банктің кемінде 2 банк картасының болғаны дұрыс, олардың әрқайсысына қаражаттың қорын сақтап қоюға болады. Осылайша, сіз қаржы ұйымдарының бірінде туындаған техникалық қиындықтарды сабырлықпен өткізе аласыз. Сонымен қатар, түскі ақша, жалақысың төлеу және аздаған азық-түлік сатып алу үшін ақша шұғыл қажет болып қалатын жағдай

ЕГЕР СІЗДІҢ БАНКІҢІЗДЕ
ТЕХНИКАЛЫҚ ІРКІЛІС
БОЛСА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

Егер сізге қызмет көрсетілетін банктегі техникалық іркілістерді байқаған жағдайда не істеуге болмайдығы туралы Fingramota.kz сайты бірнеше кеңес ұсынады.

үшін қолма-қол ақша түріндегі біраз соманың болғаны дұрыс.

Әдетте, банктегі техникалық іркіліске байланысты жағдай біраз сағат, көп болғанда бір күн ішінде шешіледі. Сондықтан «қаржы жастықшаңыз» болуы сізді көптеген проблемалардан құтқарады.

2. Ресми ақпаратқа
ғана сеніңіз

Әрбір қаржы ұйымында барлық жаңалық пен түсіндірмелер жарияланатын сайты, әлеуметтік желілерде ресми беттері бар. Сонымен қатар, әдетте көзделмеген жағдайлар туындаған кезде банктің баспасөз қызметі немесе басшылығы республикалық БАҚ-та ресми мәлімдеме жасайды. Осы ақпаратқа сенуге болады. Ал мессенджерлердегі таратылымдарға немесе жеке тұлғалардың банкке қатысы жоқ мәлімдемелеріне ден қоюдың қажеті жоқ. Осындай ақпараттың жалғаны екенінің ықтималдығы көп.

3. Қырағы болыңыз,
алаяқтардан сақтаныңыз

Туындаған техникалық қиындықтарды қаржы алаяқтары пайдалануы мүмкін, олар сізге банктің атынан қоңырау шалуы немесе жазуы және өзіңіздің жеке де-

ректеріңізді қарточканың нөмірлерін және үш мәнді сәйкестендіру кодтарын айтуды сұрауы мүмкін. Қандай жағдайда болмасын оларға ешқандай ақпарат бермеңіз және өз жақындарыңызға, әсіресе елге жастағыларға ескертіңіз. Банк ешқашан жеке деректерді талап етпейді және бірінші болып сөйлесуге бастама жасамайды. Сізге қоңырау шалған нөмірді жазып алып, оны өз банкіңіздің қауіпсіздік қызметіне хабарлаңыз.

Сондай-ақ алаяқтардан жалған ақпараттар әлеуметтік желілер немесе мессенджерлер арқылы таратылуы мүмкін. Бөгде адамдардан келіп түсетін заңсыз нұсқауларды қандай жағдайда болмасын орындамаңыз. Банк барлық кедергілерді дербес жояды және оған осыған қатысты клиенттердің көмегі қажет емес!

4. Кедергілер жойылғаннан
кейін өзіңіздің
барлық шоттарыңыз бен
деректеріңізді тексеріңіз

Техникалық жұмыстар аяқталғаннан кейін өзіңіздің шоттарыңыздың жағдайың және аталған жеке деректерің міндетті түрде тексеріңіз. Егер проблема немесе қате анықтасаныз, банкке call-орталық немесе мобильдік қосымша арқылы жүгініңіз. Сізге міндетті түрде көмек көрсетеді және қайта туындаған мәселелерді жояды.

Senim109

Қарағанды қаласында «Senim 109» қызметі іске қосылған болатын. Жобаның мақсаты – қоғамдық қызмет пен халықты ақпараттандырудың сапасын жоғарылату.

Аталған қызмет бүгінде оң нәтижесін беріп, Қарағанды облысына қарасты Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Бұқар Жырау, Қарқаралы аудандарында жұмысын бастап кетті.

«SENIM 109» қызметі арқылы өтініш беріп, шағым жасау үшін senim109.kz сілтемесіне өту қажет.



@senim109.kz «Senim 109» @senim109kz_bot



COVID-19

БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Күз айының басты қаупі – тұмау мен коронавирус болып отырғаны жасырын емес. Осы тұста басты жауапкершілік дәрігерлер мойнына артылатыны да рас. Күн сайын алдына түрлі диагностика ауруларды қабылдайтын «Көшімбаева» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибе дәрігерлерінің бірі – Мадина НИЯЗБЕКОВА.

Қазіргі таңда тұмау жұқтырып ауырып жатқандар көп екенін жеткізген дәрігермен бетпе-бет жүздесіп, кеңесін алғанды жөн көрдік.



– Мадина Пернебекқызы, оқырман-арымызға тұмау туралы ақпарат берсеңіз. – Тұмаудың вирустық ауру екенін білесіздер. Сондықтан да ол жұқпалы болып келеді. Оның вирустары ауа жолдарымен тез тарайды. Дене қызуы 38 градустан жоғарылайды. Денені ауырлық басады. Күз келісімен тұмау өршіді. Тұмаудың ұзақтығы 3-4 күннен 10-14 күнге дейін созылуы мүмкін. Көбіне тұмауды балалар жеңіл өткереді. Олар күтімі жақсы болған жағдайда 3-4 күнде тез-ақ сауығып кетеді. Ал созылмалы аурулары барлар үшін тұмау аса қауіпті болуы мүмкін. Тұмау – жоғары тыныс алу мүшелерінің ауруы. Егер оны дер кезінде емдемесе, ауру вирустары төменгі тыныс алу мүшелеріне түсіп кетеді. Біздің қаламызда да қазірдің өзінде бұл дерттің әр түрлі сатысына шалдығып жатқандар бар. «Көшімбаева» ОДА-да 4 учаске бар. 6 дәрігер мен 2 фельдшер үздіксіз жұмыс істеді. Бүгінгі таңда тұмаумен ауырып жатқан тұрғындарға бір дәрігер, бір фельдшерден тұратын мобильді бригада көмек көрсетеді. Олар науқасқа алғашқы көмекті ұсынады. Егер де одан COVID-19 індетінің белгілері байқалса, науқасан тегін ПТР тестін алады.

Коронавируск шалдыққан науқас аурудың үш түрін өткеруі мүмкін. Олар – жеңіл, орташа және ауыр түрлері. Жеңіл және орташа түріне шалдыққан науқастар үй жағдайында емделеді. Оларға өздерінің отбасылық дәрігерлері онлайн түрде қызмет көрсетеді. Яғни, індеттің осы екі түріне шалдыққан науқастарға аса көп дәрі-дәрмек тағайындалмайды. Олар күнделікті көпке қолжетімді дәрілер мен дәрумендерді уақытында қабылдап отырса жеткілікті. Бастысы – оқшаулану және төсек режимін сақтау. Белменің терезесін ашып, жиі-жиі желдетіп отырған дұрыс. Науқас жатқан бөлмеге, әсіресе, балалар мен қарттарды кіргізбеген абзал. Бұндай науқастарға ОДА дәрігерлері онлайн түрде консультация беріп, ем тағайындайды. Біз оларға күніне бірнеше мәрте бейнеқоңырау шалып хабарласып, қан қысымын өлшептіп, жүрек соғысын есептеп-кіземіз және соған қарай талдау жүргізіп отырамыз.

Осы тұста тағы бір ескерерлік жайт – COVID-19 симптомды және симптомсыз түрде кездеседі. Мысалы, науқасан алынған ПТР-тесті расталмаса да, оның белгілері болуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда ПТР теріс нәтиже көрсетті екен деп еркінсуге болмайды. Тестте анықтамағанымен сіз өзгелерге вирус жұқтырып, олардың басын қауіпке тығасыз. Сол себепті бұл кезде де оқшаулану режимін қатаң сақтап, өзіне күтім жасау қажет. Егер де тұрғын арасынан коронавируск шалдыққандар анықталса, біз оларды дереу инфекциялық стационарға жөнелтеміз. COVID-19-бен ауырған науқастар 2-3 ай сайын бізге келіп тексеріліп отырады. Олардың қан, зәр, биохимиялық анализдері тексеріледі. «Көшімбаева» ОДА-сында коронавируск шалдыққан науқас соңғы рет шілде айында тіркелген болатын. Одан кейін бұл жұқпалы індетті жұқтырған науқастар болмады. Дегенмен бұған қарап жағамызды жайлауға салып, босаңсып кетуге болмайды. Ауру аяқ астынан өршіп кетуі мүмкін. Әсіресе, күн салқындаған сайын вирустық аурулар тәуірленіп кетуге мүмкін. Сондықтан, өз денсаулықтарыңыз – өз қолдарыңызда екенін ұмытпағайсыздар.

– Дәрігер маман ретінде тұмаудың алдын-алуға байланысты қандай кеңестерді ұсынасыз?

– Жалпы тұмау мен коронавирустың алдын алу жолдары ұқсас. Екеуінде де адам қарасы көп жерге бармаған дұрыс. Себебі – вирусты таратушылар, ол – адамдар. Вирусты таратушылар алдын алу үшін танертеңгі және кешкі уақытта бетті суық сумен жуып, кешке қарай аяқты жылы суға салса, азаның дертке қарсы күресу қуаты артады. Вирустар көбіне ауыз және мұрын қуыстары арқылы азға өтеді. Бұдан өкпе қозғалап шегеді. Сол үшін тамақтан кейін ауызды тұзды сумен үнемі шайып жүрген дұрыс. Бұл ауыз қуысындағы бактерияларды жоюға қолды таза ұстау керек екені айтпаса да түсінікті болар. Қоғамдық орындарда, әсіресе, дүкендер мен қоғамдық көліктерде медициналық қолғапты шешпеңіз. Маска тағу – ол міндетті. Маска вирустардың мұрын мен ауыз арқылы ішке өтіп кетуінен қорғайды. Бір реттік маскарды әр екі сағат сайын ауыстырып отырыңыз. Оны шешерде ішкі жағын қолыңызбен ұстамаңыз. Ал көп реттік маскарды бір таққаннан соң мұқият арнайы жуу құралдарымен жуып алыңыз және ыстық үтікпен үтікпеніңіз. Қыс және күз мезгілінде дене шынғытырып, күнделікті бой жазып, таза ауада серуендеп, дененің суыққа қарсылық қуатын жоғарылатса, тұмаудың алдын алуға болады. Сондай-ақ, дәруменге бай жеміс-жидектер мен көкөністерді, құнарлы тамақтарды, ақуызға бай өнімдерді жиі қолданыңыз.

– Кез келген жан үшін дұрыс тыныс алу маңызды екені белгілі. Осыған байланысты жаттығулар түрін айта өтсеңіз.

– Дұрыс дем алу өкпеге пайдалы. Мұндай жаттығулардың түрі өте көп. Солардың бірақтарын айта кетейін. Өкпе жақсы жұмыс істеуі үшін асықпай, баппен дем алу қажет. Мысалы, тіке отырыңыз да, терең тыныс алыңыз. Енді іштегі көмірқышқыл газын қайтадан жаймен сыртқа шығарыңыз. Оң қолдың сұқ саусағымен оң мұрын қуысын жауып, сол мұрын қуысымен ақырын ұзақ тыныс алыңыз. Бұны төмен, орташа, жоғары тыныспен істеуге болады. Тыныс алып болған соң, мұрынның оң қуысын ашып, сол қолдың сұқ саусағымен сол мұрын қуысын жауып, оң мұрын қуысымен ұзақ тынысты сыртқа шығару керек. Жаттығуды қарында «шұқыр» болғанша 3-4 реттен қайталаңыз. Келесі жаттығуды орындқ көмегімен жасаймыз. Орындқ арқасын екі қолмен ұстаңыз, еңкейіңіз. Енді осы қалыпта он шақты рет ауаны ішке тартып, сыртқа шығарыңыз. Сонымен қатар, өкпеге шар көмегімен жасаған жаттығулар да жақсы көмектеседі. Шарды барынша үлкен болғанша үрленіңіз. Бұл өкпенің активті дем алысын күшейтеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАҢА АУРУХАНА – ЖҰРТ ИГІЛІГІНЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жезқазған көпбейінді ауруханасының басшысы Орал Мазитов жаңа инфекциялық орталық қауіпті індетпен күрестің алғы шебінде болатынын, облыс басшылығы бар керекті тауып беріп жатқанын айтады.

Осы инфекциялық аурухана еліміздегі алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі болып отыр. Бұған дейін әр аймақта осындай бірнеше орталық салынғанын білесіздер. Біздің орталықты салу кезінде алдыңғы ауруханаларда анықталған кем-кетіктің бәрі ескеріліп, барынша қолайлы аурухана болып отыр. Енді көпбейінді аурухана өзінің негізгі жұмысымен айналыса береді. Коронавирус инфекциясын жұқтырғандар мен вирусты пневмониямен сырқаттанғандар ашылған соң осы ауруханаға әкелінеді.



Бұл орталық 70 пайызға толғанда басқа инфекциялық стационарларға жатқызылады. Сол үшін Сәтбаев қаласында 130 орындық туберкулезге қарсы диспансер мен 120 орындық медициналық-санитарлық бөлім, біздің 40 орындық инфекциялық аурухана, Жезқазған университетінің жатақханасы дайын тұрады. Көпбейінді ауруханаларда да резервтік орындар дайындалады, – дейді Орал Мазитов.

Бүгінде қаламызға көмекке келген дәрігерлер қонақ үйге орналастырылып, барлық қажеттіліктері қамтамасыз. Қазір емдеу-диагностика жұмыстарына қажет құрал-жабдықтар орнатылып, бапталуда. Қарағандыдағы «Мирас» клиникасында жұмыс істеймін негізі. Жоғары санатты дәрігермін. 17 жылдан бері энэкопия ма-



манымын. Сондай-ақ, компьютерлік томография сынды заманға сай диагностикалық құралдармен жұмыс істеймін. Жаз айларындағы күрделі эпидемиологиялық ахуал кезінде облыс орталығындағы инфекциялық орталықта жұмыс істеді. Қазір Жезқазғанға келіп жатырмыз. Жаңа орталықтың жабдықталуы, мұндағы құрылғылар барлығы көңілімізден шығып отыр. Әрине, жағдайдың ушықпағанын қалаймыз, бірақ, біз барлық сценарийге дайын болуымыз керек, – дейді Қарағандыдан келген дәрігер Айгүл Шәріпова.

Қазір дәрігерлер қабылдап алып жатқан жаңа инфекциялық орталық жақын күндері пайдалануға беріледі. Эпидемиология байланысты қажеттілік туса, орталық қалалардан тағы мамандар шақырылады. Ол үшін қажетті қам-қарекеттің барлығы жасалып қойған.

Дархан МҰХАН



СОТ ЖҮЙЕСІ

МЕДИАЦИЯ – ТИІМДІ ТӘСІЛ

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылдануы, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды оны жүргізу қаидаттары мен рәсімін реттейді.

Медиатор дегеніміз, тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.

Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар, ал, екіншісі – кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мыналар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған тәнестірілген, заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиатордың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі, яғни медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын

нұсқасына қол жеткізу және тараптардың даулаушылық деңгейін төмендету.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дау-шарды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімді білдіреді.

Соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу бойынша медиация туралы шарт іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркеніет көшіне бағыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Негізінен айтқанда бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата-бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамның бірі, оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз.

Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі



Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін



себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жа-

зақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормаларын Жезқазған қаласы бойынша «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің заң бұзу фактілерін хабарлау үшін

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 73-32-72, мекенжайы: Жезқазған қаласы, Бейбітшілік даңғылы, 26-үй, 32-кабинет.

за – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қа-

Абзал АХМЕТБЕКОВ, «ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының
2020 жылғы 23 қазандағы №01
ҚАУЛЫСЫ

Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттарының сайлауы бойынша сайлау округын құру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14-бабы 6-тармақшасы, 21-бабы 4-тармағы, 22-бабына сәйкес Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТТИ:

1. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы аумағы шекарасында Жезқазған қалалық мәслихатын сайлау бойынша сайлау округы құрылсын.
2. Қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға **Хатшы** **Б. БИТЕНОВА**
Т. МАЦЕДОН

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы
Жезқазған қ., Алаш алаңы, 1 (қала әкімдігі ғимараты)
Төраға – Битенова Б.Р.,
төраға орынбасары – Шалабаев И.Б.,
хатшы – Мацедон Т.Е.
Комиссия мүшелері: Исаев К.О., Тлеужанова М.К.,
Жанаев К.Д., Азимбаев А.А.

№ 209 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., Сәтбаев көшесі, 1
(С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыка-
лық драма театры)
Төраға – Қадырсызов К.К.,
төраға орынбасары – Устюгова А.В.,
хатшы – Бакибаева М.С.
Комиссия мүшелері: Қудасбаева Ж.М., Уалинов
А.К., Куспаева Т.Г., Сембина Ж.Т., Құлыбаева К.Б., Тана-
тарова Д. К., Старкова Т. С., Омарова М. Д.

№ 210 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., Абай к-сі, 30
(Жезқазған қаласы білім бөлімінің №26 гимназиясы)
Төраға – Пирекенов Г. Е.,
төраға орынбасары – Баймырзаев А.Т.,
хатшы – Ильясова С.Ж.
Комиссия мүшелері: Сарсембаева А.Б., Абдықали-
кова С.Т., Қусаинова Е.К., Альжанова Р.С.

№ 211 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., Гагарин к-сі, 6
(«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС бас жобалау ин-
ституты)

Төраға – Караторгаев Б.Н.,
төраға орынбасары – Жаулыбаева Г.С.,
хатшы – Мейрамов А.Б.
Комиссия мүшелері: Боранбаева А.Ш., Базылбеко-
ва Ж.С., Масимгазиева К.А., Бораш М.А., Аширбекова
Ж.К., Мамутова Г.А., Аманбекова М.А., Булакбай М.М.

№ 212 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., С.Сейфуллин к-сі,
40-үйі (Жезқазған қаласы білім бөлімінің № 22 орта мек-
тебі)
Төраға – Сартайлаков М.К.,
төраға орынбасары – Ақылбекова А.М.,
хатшы – Райқұлов Ж.Б.
Комиссия мүшелері: Утенова А.О., Ким Р.В., Ома-
рова Ж.М., Ажигова Е.С.

№ 213 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Қ. Аманжолов к-сі,
18 (Жезқазған қаласы білім бөлімінің № 24 орта мектебі
КТУ)
Төраға – Цой К.С.,
төраға орынбасары – Айешов С.Т.,
хатшы – Омарова Б.Ш.
Комиссия мүшелері: Бейсембаева А.Ш., Отызбаев
А.Д., Бакиров С.Б., Утенова А.Т.

№ 214 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., Пушкин к-сі, 35
(Жезқазған заң колледжі)
Төраға – Арынова М.А.,
төраға орынбасары – Сенгова Б.,
хатшы – Кикбаева А.Т.
Комиссия мүшелері: Калмурзаева Э.Н., Бакирова
Д.Д., Оразбекова Э.А., Тілеміс Ә.О., Аубакиров Д.Ж.,
Омарова Г.А., Султансейтова М.К., Молдабекова Г.К.

№ 215 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Жанасов к-сі, 15

(Жезқазған қаласы білім бөлімінің Қ.Шыңғысов
атындағы №5 орта мектебі)
Төраға – Тлегунова К.Х.
төраға орынбасары – Таубекова М.В.,
хатшы – Абишева Б.М.
Комиссия мүшелері: Таубаев А.С., Каржаубаева
С.Т., Алибеков М.К., Қалдыбекова К.С., Жандарбекова
Ш.Е., Рахимжанова А.М.

№ 216 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Железнодорожная
к-сі, 1 (Жезқазған қаласы білім бөлімінің №133 орта
мектебі)

Төраға – Мукашева А.Т.,
төраға орынбасары – Дәулен Г.М.,
хатшы – Әліпбай Л. Қ.
Комиссия мүшелері: Камбаров Ж . А . ,
Сансызбаева Г.Б., Сембина А.Т., Кенжалиев К.К., Тел-
баева А.К., Бакибаева А.С., Алтынбекова Г.С., Қылдыр-
баев С. К.

№ 217 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Гоголь к-сі, 9
(Жезқазған қаласы білім бөлімінің №13 орта мек-
тебі)

Төраға – Абильдин А.Б.,
төраға орынбасары – Коршикова С.П.,
хатшы – Лозова Т.А.
Комиссия мүшелері: Карпова О.В., Абдраманова
Л.П., Туkenова К.С., Курманбаева Ж.Б., Жақұпова А.К.,
Кенгирбаев А.Т.

№ 218 Учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Абай к-сі, 148
(Жезқазған технология және сервис колледжі)
Төраға – Есмағұлов Б.Р.
төраға орынбасары – Омарова Д.К.
хатшы – Туkenова Г.С.
Комиссия мүшелері: Таймаганбетова А.К., Каржа-
сова К.Е., Утебаева Б.Т., Көшербек П.С. Кусенова З.Т.,
Беляков И.Г.

№ 219 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ., Абай к-сі, 75 (Таяу
кен-металлургиялық колледжі)
Төраға – Картабаев О.Т.,
төраға орынбасары – Рашитова А.Е.,
хатшы – Кенбеллова Г. Б.
Комиссия мүшелері: Мамлесева Ж.Е., Нысанбаева
Б.К., Габдуллин Т.С., Есеева Р.М., Жанбаев К.К., Джа-
мбаева Б.С.

№ 220 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Гагаринк-сі, 74
(Жезқазған гуманитарлық колледжі)
Төраға – Исахова А.С.,
төраға орынбасары – Нығызбаева П.Т.,
хатшы – Бузуюова К.М.
Комиссия мүшелері: Атеева Г.М., Суиндиқова
Г.К., Айтғарова М.Ж., Оспанова Л.Т., Жақсылық
Ж.С., Ермекбаева М.С.

№ 221 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Сарыарқа к-сі, 82 («Эко-
электрон» ЖШС)
Төраға – Ибраева Г.Т.,
төраға орынбасары – Жалпабеков Д.А.,
хатшы – Кинах Н.Я.
Комиссия мүшелері: Салқауов Т.Т., Мукушев Б.М.

№ 222 учаскелік сайлау комиссиясы

Пушкин көшесі № 4 үйі;
Ранов көшесі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 үйлері;
Рысқұлов көшесі № 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 12, 14, 20, 22, 24 үйлері;
Сәтбаев көшесі № 2, 4 үйлері;
Тимирязев көшесі № 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 13а, 16 үйлері;
Фурманов көшесі № 1, 2, 3, 4, 6, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25,
26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 үйлері;
Холмешкий көшесі № 1, 2, 3, 3а, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 16, 20, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38,
40, 42, 44, 46 үйлері;
Чехов көшесі № 7,11 үйлері;
Штифанов көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 19, 21 үйлері.

№211 сайлау учаскесі

Орталығы: «Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бас жобалау институты, Гагарин көшесі, 6-үй.
Шекаралары:
Ғарышкерлер бульвары № 1, 7, 11, 13, 15а, 17, 19, 21, 21а, 23, 25а үйлері;
Бейбітшілік даңғылы № 17, 19, 20, 24 үйлері;
Асылбеков көшесі № 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30 үйлері;
Әубәкіров көшесі № 3, 11, 13, 15 үйлері;
Гагарин көшесі № 2, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 24, 26, 28, 30 үйлері;
Либкнехт түйік көшесі № 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22,
23, 25, 27, 28, 30, 32 үйлері;
Ранов көшесі № 15, 17, 19 үйлері;
Смайлов көшесі № 4, 6, 8, 14, 16 үйлері.

№212 сайлау учаскесі

Орталығы: «Жезқазған қаласы білім бөлімінің №22 жалпы орта білім бе-
ретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сейфуллин көшесі, 40-
үй.
Шекаралары:
Ғарышкерлер бульвары № 27, 29, 33, 55 үйлері;
Космодемьянская түйік көшесі № 3, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15 үйлері;
Абай көшесі № 64б, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84 үйлері;
Асылбеков көшесі № 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39,
40, 41, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 55 үйлері;
Гагарин көшесі № 25, 27, 29, 31, 32, 33, 36, 37, 39 үйлері;

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Ержановк-сі, 11
(Жезқазған қаласы білім бөлімінің № 9 орта мектебі)
Төраға – Кубенова Р.Б.,
төраға орынбасары – Амирханова Г.Т.,
хатшы – Кадирсизова К.М.
Комиссия мүшелері: Жумабекова Г.Ш., Семизова
М.Б., Мейрманов Ж.Т., Балмағанбетов М.А.

№ 223 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Ержанов к-сі, 11
(Жезқазған қаласы білім бөлімінің № 9 орта мектебі)
Төраға – Туребеков М.Ж.,
төраға орынбасары – Сейдахмет С.А.,
хатшы – Тулегунова А.М.
Комиссия мүшелері: Токбергенова Г.А., Карезина
С.С., Кикбаева Н.И., Қалдыбаева А.К.

№ 224 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Марғұлан к-сі, 50
(Жезқазған қаласы білім бөлімінің №10 орта мек-
тебі)

Төраға – Ахмет Е.Р.,
төраға орынбасары – Райымбекова Д.Ж.,
хатшы – Абдықапаров А.К.
Комиссия мүшелері: Қызырова Г.А., Маканова Б.Б.,
Берділі М.С.,Талдыбаева П.Т., Камбасова Е.Ж., Молда-
ғайрова А.А.

№ 225 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Иманжан к-сі, 11
(Жезқазған көпбейінді ауруханасы)
Төраға – Ешжанов Б.К.,
төраға орынбасары – Жаркешов А.И.,
